



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

16.07.2021 № 2-010324-21-48313

17.06.2021 ж. №ДЗ-216

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

### Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура Алматы қаласындағы «Нұртау Темір» ЖШС-ның (бұдан әрі - Серіктестік) цемент-бетон зауытының жұмыс істеуіне рұқсат берудің заңдылығына қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарады.

Өндірістік объектілер (қоймалар, цехтар) және бетон өндіру зауыты орналасқан жер учаскесі 18.03.2013 ж. және 29.04.2013 ж. сатып алу-сату шарттары негізінде жеке меншік құқығында Серіктестікке тиесілі екендігі анықталды (бұрын жер учаскесін «Құрылыс материалдары» АҚ жалға алған, содан кейін оның жеке меншігінде болған, 2013 жылға дейін учаске ашық көмір базасы және жарамсыз кірпіштерді орналастыру үшін полигон ретінде пайдаланылған).

Алматы қаласының қолданыстағы Бас жоспарына (Үкіметтің 22.10.2010 ж. №1097 қаулысымен бекітілген) сәйкес жер учаскесі қоғамдық-өндірістік аумақта орналасқан, онда санитариялық-қорғаныш аймағы (бұдан әрі - СҚА) сақталған жағдайда зияндылығы IV-V сыныпты кәсіпорындардың жұмыс істеуі рұқсат етіледі. Жоғарыда көрсетілген зауыт объектінің IV сыныпты санитариялық қауіптілігіне жатқызылған.

Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті берген (бұдан әрі - СЭБ Департаменті) 06.06.2013 жылғы № 0285/09.2-23 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыға сәйкес СҚА мөлшері өндірістік базаның шекарасымен сәйкес келеді (солтүстіктен – 77,5 м; солтүстік-шығыстан – 20 м; шығыстан – 22,7 м (шу факторы бойынша); оңтүстіктен – 100 м; батыстан – 47,5 м; оңтүстік-батыстан – 95 м; солтүстік-батыстан – 70 м).

Ал Үкіметтің 17.01.2012 ж. №93 қаулысымен бекітілген «Өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес қауіптілік сыныбы IV объектілердің СҚА көлемі 100 м-ден 299 м-ге дейінді құрайды.

Нәтижесінде жақын маңдағы тұрғын үй ластанудың шеткі көзінен 23 метр қашықтықта орналасқан.

Бұл сәйкессіздікті Алматы қаласының Экология департаменті (бұдан әрі – Экология департаменті) азаматтардың көптеген шағымдарына байланысты субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау кезінде анықтады.

Осыған байланысты 29.03.2021 ж. Экология департаменті Серіктестікке мемлекеттік экологиялық сараптаманың жаңа қорытындысын және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты алу талабымен бұзушылықтарды жою туралы нұсқама (бұдан әрі - Нұсқама) берді, сондай-ақ **Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасына** (бұдан әрі - Басқарма) 2018 жылы берілген **рұқсат құжаттарын** (мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат) **кері қайтарып алу** бойынша шаралар қабылдау туралы хат жолдады.

13.04.2021 ж. Басқарма Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (бұдан әрі - МАЭС) Серіктестікті жоғарыда көрсетілген рұқсат құжаттарынан айыру туралы талап қою арызын берді.

17.06.2021 ж. МАЭС-тің шешімімен Серіктестіктің Нұсқаманы орындау үшін мемлекеттік экологиялық сараптаманың жаңа қорытындысын және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу бойынша шаралар қабылдауына байланысты (Серіктестік үш рет (11.05.2021 ж., 20.05.2021 ж., 28.05.2021 ж.) Басқармаға жаңа қорытынды беру үшін жүгінген, алайда Басқарма істі сотта қарауға байланысты бас тартқан) талап қою арызының талаптарын қанағаттандырудан бас тартылды.

Сот шешіміне 24.06.2021 ж. апелляциялық тәртіпте шағым келтірілді (қаралуда).

Бұдан бөлек, СЭБ Департаменті 09.04.2021 ж. Серіктестікке санитариялық-қорғаныш аймағының есептік (алдын ала) мөлшерін негіздеу жобасына жаңа санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берді (№А.05.Х.КZ03VBZ00025897).

Бұл қорытынды да санитариялық қағидаларды бұзып шығарылған, себебі СҚА көлемі 22-125 метр шегінде белгіленген, сондықтан Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті 21.06.2021 ж. МАЭС-ке Департаменттің жоғарыда көрсетілген қорытындысын жою туралы талап қою арызын берді (қаралуда).

Сот талқылауының нәтижелері бойынша бұзушылыққа жол берген **лауазымды адамдардың жауапкершілігі** туралы мәселе қойылатын болады.

Бұл ретте, **Алматы қаласы әкімдігінің қызметкерлеріне қатысты** шаралар қабылданған жоқ, себебі **рұқсат құжаттары** (28.08.2013 ж. №07-08-609, 19.05.2016 ж. №07-08-183 және 16.11.2018 ж. №KZ32VDC00074961 мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындылары, 18.11.2013 ж. №0002947, 02.06.2016 ж. №KZ45VDD00054664 және 28.11.2018 ж. №KZ90VDD00105555 қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар, сәулет-жоспарлау тапсырмасы (22.04.2016 ж. №660)) **санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыға негізделген.**

Өндірісті өнеркәсіптік аймаққа ауыстыруға жәрдемдесу мәселесі бойынша Алматы қаласы әкімдігінің мәліметтеріне сәйкес, аталған өндіріс объектісі Алатау ауданының индустриалдық аймағына ауыстырылуға жатады және бұл рәсім қаланың қолданыстағы Бас жоспарының түзетуін Үкімет бекіткен соң жүргізілетінін (іске асыру мерзімі – 2022 жыл) хабарлаймыз.

**Қазақстан Республикасы**  
**Бас Прокурорының м.а.**

**Б. Асыллов**

## Тізім

1. А.Г. Линник
2. А.Т. Перуашев
3. А.Р. Әбілдаев
4. Е.Х. Барлыбаев
5. Б.С. Дүйсенбинов
6. С.С. Ерубәев
7. Д.М. Еспаева
8. А.Қ. Жұмабаева
9. Қ.Ж. Иса
10. Е.Қ. Өмірғали
11. М.Б. Раманқұлов
12. А.Т. Сембинов



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

16.07.2021 № 2-010324-21-48313

17.06.2021 г. №ДЗ-216

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
(по списку)

### Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен ваш депутатский запрос относительно законности выдачи разрешения на функционирование цементно-бетонного завода ТОО «Нуртау Темир» (далее - Товарищество) в г. Алматы.

Установлено, что земельный участок, на котором расположены производственные объекты (склады, цеха) и завод по производству бетона принадлежат Товариществу на праве частной собственности на основании договоров купли-продажи от 18.03.2013 г. и 29.04.2013 г. (ранее земельный участок находился в аренде и затем в частной собственности АО «Курылыс материалы», до 2013 года участок использовался в качестве открытой угольной базы и полигона для размещения бракованного кирпича).

В соответствии с действующим Генеральным планом г. Алматы (утвержден Постановлением Правительства от 22.10.2010 г. №1097) **земельный участок расположен на общественно-производственной территории, где разрешено функционирование предприятий IV-V класса вредности при условии соблюдения санитарно-защитной зоны** (далее – СЗЗ). Вышеуказанный завод отнесен к IV классу санитарной опасности объекта.

Согласно санитарно-эпидемиологическому заключению №0285/09.2-23 от 06.06.2013 года, выданному Департаментом санитарно-эпидемиологического контроля г. Алматы (далее – Департамент СЭК) **размер СЗЗ совпадает с границей производственной базы** (с севера – 77,5 м; с северо-востока – 20 м; с востока – 22,7 м (по шумовому фактору); с юга – 100 м; с запада – 47,5 м; с юго-запада – 95 м; с северо-запада – 70 м).

Тогда как согласно Санитарным правилам «Санитарно-эпидемиологические требования по установлению санитарно-защитной зоны производственных объектов», утвержденным постановлением Правительства от 17.01.2012 г. №93, размер СЗЗ объектов IV класса опасности составляет от 100 м до 299 м.

В результате ближайший жилой дом расположен на расстоянии 23 метров от крайнего источника загрязнения.

Данное несоответствие было установлено Департаментом экологии по г. Алматы (далее – Департамент экологии) в ходе профилактического контроля с посещением объекта в связи многочисленными жалобами граждан.

В этой связи 29.03.2021 г. Департаментом экологии Товариществу выдано предписание об устранении нарушений (далее - Предписание) с требованием о

получении нового заключения государственной экологической экспертизы и разрешения на эмиссии в окружающую среду, а также **направлено письмо в Управление зеленой экономики г.Алматы** (далее - Управление) о принятии мер по **отзыву** выданных в 2018 году **разрешительных документов** (заключение государственной экологической экспертизы и разрешение на эмиссии в окружающую среду).

13.04.2021 г. Управлением подано исковое заявление в специализированный межрайонный экономический суд города Алматы (далее - СМЭС) о лишении Товарищества вышеуказанных разрешительных документов.

Решением СМЭС от 17.06.2021 г. в удовлетворении исковых требований отказано в связи с принятием Товариществом мер по исполнению предписания о получении нового заключения государственной экологической экспертизы и разрешения на эмиссии в окружающую среду (Товарищество трижды обращалось (11.05.2021 г., 20.05.2021 г., 28.05.2021 г.) в Управление за выдачей нового заключения, однако последним отказано в связи с рассмотрением дела в суде).

Решение суда 24.06.2021 г. обжаловано в апелляционном порядке (на рассмотрении).

Кроме того, Департаментом СЭК 09.04.2021 г. Товариществу выдано новое санитарно-эпидемиологическое заключение (№А.05.Х.КZ03VBZ00025897) на проект обоснования расчетного (предварительного) размера СЗЗ.

Данное заключение также вынесено в нарушение санитарных правил, т.к. размер СЗЗ определен в пределах 22-125 метров, в связи с чем Комитетом санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения 21.06.2021 г. подано исковое заявление в СМЭС об отмене вышеуказанного заключения Департамента (на рассмотрении).

По результатам судебного разбирательства будет поставлен вопрос об **ответственности должностных лиц**, допустивших нарушение.

При этом меры **в отношении сотрудников акимата г.Алматы** не принимались, т.к. **разрешительные документы** (заключения государственной экологической экспертизы №07-08-609 от 28.08.2013 г., №07-08-183 от 19.05.2016 г. и №KZ32VDC00074961 от 16.11.2018 г., разрешения на эмиссии в окружающую среду №0002947 от 18.11.2013 г., №KZ45VDD00054664 от 02.06.2016 г. и №KZ90VDD00105555 от 28.11.2018 г., архитектурно-планировочное задание (№660 от 22.04.2016 г.)) **основывались на санитарно-эпидемиологическом заключении.**

По вопросу оказания содействия в переносе производства в промышленную зону сообщаем, что по сведениям акимата г.Алматы указанный производственный объект подлежит выносу в индустриальную зону Алатауского района и данная процедура будет проведена после утверждения Правительством корректировки действующего Генерального плана города (срок реализации – 2022 год).

**И.о. Генерального Прокурора  
Республики Казахстан**

**Б. Асыллов**

## Список

1. Линник А.Г.
2. Перуашев А.Т.
3. Абильдаев А.Р.
4. Барлыбаев Е.Х.
5. Дюсембинов Б.С.
6. Ерубает С.С.
7. Еспаева Д.М.
8. Жумабаева А.К.
9. Иса К.Ж.
10. Өмірғали Е.Қ.
11. Раманкулов М.Б.
12. Сембинов А.Т.



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

16.07.2021 № 358

Нұр-Сұлтан қаласы

№ \_\_\_\_\_

город Нур-Султан

**Іссапарға бару және міндеттерді  
атқаруды жүктеу туралы**

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының  
4) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қызметтік қажеттілікке байланысты **2021 жылдың 16-17 шілдесінде Алматы қаласына іссапарға барамын.**
2. Мен іссапарда болған кезде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқаруды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары **Б.Н. Асылөвқа** жүктеймін.
3. Жол әуе көлігі арқылы Нұр-Сұлтан - Алматы бағыты бойынша жүргізілсін.
4. 2 күн тәулікақы шығыстары өтелсін.
5. Іссапар шығындары Қаржы департаментімен жүргізілсін.

**Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры**

**Г.Нұрдәулетов**

**КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС**  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ  
КАДРЛЫҚ ДАМУ ДЕПАРТАМЕНТІ

қолы